

**"Қазақстан Республикасының аумағындағы халықаралық мамандандырылған көрме объектілерін жобалау және (немесе) салу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1107 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы № 810 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 358 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.06.2022 № 358 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасының аумағындағы халықаралық мамандандырылған көрме объектілерін жобалау және (немесе) салу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1107 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 64, 589-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағындағы халықаралық мамандандырылған көрме объектілерін жобалау және (немесе) салу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 12, 13, 14-жолдармен толықтырылсын:

"

12.	Қазақстан Республикасындағы "China Railway Asia – Europe Construction Investment Co., Ltd" ЖШҚ ("China Railway Asia – Europe Construction Investment Co., Ltd" компаниясының филиалы)	Құрылыс
13.	Қазақстан Республикасындағы "Beijing State – Owned Assets Management Co., Ltd" ЖШҚ ("Beijing State – Owned Assets Management Co., Ltd" компаниясының филиалы)	Жобалау
14.	Қазақстан Республикасындағы "China Railway NO.2 Engineering Group" ЖШС ("China Railway NO.2 Engineering Group")	Құрылыс

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК